

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
№ 2 «ДАРЫН» ОБЛЫСТЫҚ
МАМАҢДАҢДЫРЫЛҒАН
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫ» КММ
БҰЙРЫҚ**

28 тамыз 2026 жыл
Астана қаласы

**КГУ «ОБЛАСТНАЯ
СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ
ШКОЛА-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТ № 2
«ДАРЫН» ГОРОДА АСТАНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ПРИКАЗ**

№ 30
город Астана

**2026–2027 оқу жылында мереке күндеріне сәйкес келген
сабақ тақырыптарын оқу мақсаттарының сәйкестігі
негізінде кіріктіру туралы**

Қазақстан Республикасының қолданыстағы білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерін, 2026–2027 оқу жылына арналған оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқау хатты, пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік мереке күндеріне сәйкес келген сабақтардың оқу бағдарламасында толық меңгерілуін қамтамасыз ету, оқу бағдарламасының мазмұнын және оқу мақсаттарының орындалуын сақтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026–2027 оқу жылы ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар бойынша оқу бағдарламасының мазмұны толық орындалсын.

2. Пән мұғалімдері мереке күндеріне сәйкес келген сабақ тақырыптарын оқу бағдарламасынан алып тастамай, мазмұны мен оқу мақсаттары ұқсас немесе өзара сабақтас келесі немесе алдыңғы сабақ тақырыптарымен кіріктіріп оқытуды жүзеге асырсын.

3. Сабақ тақырыптарын кіріктіру кезінде:

– үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген оқу мақсаттарының толық орындалуы қамтамасыз етілсін;

– мазмұны және оқу мақсаттары өзара сәйкес немесе сабақтас тақырыптар ғана біріктірілсін;

4. Кіріктірілген сабақтарды жоспарлау кезінде қысқа мерзімді жоспарда екі сабақтың тақырыптары және тиісті оқу мақсаттары көрсетіліп, сабақ мазмұны оқу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететіндей ұйымдастырылсын.

5. Электрондық журналда сабақ тақырыбын көрсету кезінде кіріктірілген тақырыптардың мазмұны нақты көрсетіліп, оқу бағдарламасының орындалуы қамтамасыз етілсін.

6. Пән мұғалімдері мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар бойынша оқу мақсаттарын талдап, кіріктіруге болатын тақырыптарды алдын ала анықтасын және күнтізбелік-тақырыптық жоспарға тиісті түзетулер енгізсін.

7. Әдістемелік бірлестік жетекшілері пәндер бойынша мереке күндеріне сәйкес келген сабақтарды анықтап, оқу мақсаттары ұқсас тақырыптардың дұрыс кіріктірілуін үйлестірсін, оқу бағдарламасының орындалуына жүйелі бақылау жүргізсін және қажет болған жағдайда пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсетсін.

8. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Мукашева 2026–2027 оқу жылы бойынша мереке күндеріне сәйкес келген сабақтардың орындалуына бақылау жүргізсін;

күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардағы өзгерістердің оқу бағдарламаларына сәйкестігін, электрондық журналдағы сабақ тақырыптары мен оқу мақсаттарының дұрыс толтырылуын қадағаласын; оқу жылының қорытындысында пәндер бойынша оқу бағдарламаларының толық орындалуын тексерсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Мукашеваға жүктелсін.

Мектен басшысы

Ж.Кульмаганбетова

Бұйрықпен таныстым:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Әдістемелік бірлестік жетекшілері



А.Мукашева
А.Дүйсенбекова
Д.Тұрсынқызы
Г.Газизов
Ж.Искакова